

ISSN (Print) 2616-6895
ISSN (Online) 2663-2497

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы
PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series
Серия ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ

№ 3(132)/2020

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2020

Nur-Sultan, 2020

Нур-Султан, 2020

Бас редакторы
Г.Ж. Менлибекова,
п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (психология)
Бас редактордың орынбасары (әлеуметтану)

А.Р. Ерментаева, пс. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Н.О. Байғабылов, PhD (Қазақстан)

Редакция алқасы

Есенғалиева А. М.	п.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Иванова Г.П.	п.ғ.д. (Ресей)
Исламова З.М.	п.ғ.к., доцент (Ресей)
Калдыбаева О.В.	PhD (Қазақстан)
Колева И.	докт. (Болгария)
Отар Э. С.	PhD (Қазақстан)
Сейтқазы П.Б.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Сунарчина М.М.	ә.ғ.д., проф. (Ресей)
Толубекова Р.К.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Тамаш П.	проф. (Венгрия)
Уразбаева Г.Т.	п.ғ.д., доцент (Қазақстан)
Хан Н.Н.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	ә.ғ.д., проф. (Түркия)
Шайхисламов Р.Б.	ә.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалғынбаева Қ.Қ.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сәтпаев к-сі, 2, 402 б.
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31432)

E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz
Жауапты хатшы: Ә. С. Жұматаева

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ.
ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы**

Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғам

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркелген. 27.03.18 ж. № 17001-Ж -тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 13 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31410)

Editor-in-Chief

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

G.Zh.Menlibekova

Deputy Editor-in-Chief (psychology)

A.R. Yermentayeva, Doctor of Psychological Sciences, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief (sociology)

N.O. Baigabylov, PhD in Sociology (Kazakhstan)

Editorial board

Esengalieva A.M	Can. of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
Ivanova G.P.	Doctor of Pedagogical Sciences (Russia)
Islamova Z.M.	Can. of Pedagogical. Sciences, Assoc.Prof. (Russia)
Kaldybayeva O.V.	PhD (Kazakhstan)
Otar E.S.	PhD (Kazakhstan)
Koleva I.	Dr. (Bulgaria)
Seytkazy P.B.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Sunarchina M.M.	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
Tamas P.	Prof. (Hungary)
Toleubekova R.K.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Urazbayeva G.T.	Doctor of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
Khan N.N.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Hayati Tufekcioglu	Doctor of Sociology, Prof. (Turkey)
Shaikhislamov R.B.	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
Shalgynbayeva K.K.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Editorial address:2, Satpayev str., of.402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
L.N.Gumilyov Eurasian National University Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31432)

E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Responsible secretary: A.S.Zhumatayeva

Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series

Owner: Non-profit joint-stock company «L.N.Gumilyov Eurasian National University»

Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan. Registration certificate No. 17001-Ж from 27.03.18

Periodicity: 4 times a year Circulation: 13 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31410)

Главный редактор

д.п.н., профессор

Г.Ж. Менлибекова (Казахстан)

Зам. главного редактора (психология)

А.Р. Ерментаева, д.пс. наук, проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора (социология)

Н.О. Байгабылов, PhD (Казахстан)

Редакционная коллегия

Есенгалиева А. М	к.п.н., доцент (Казахстан)
Иванова Г.П.	д.п.н. (Россия)
Исламова З.М.	к.п.н., доцент (Россия)
Калдыбаева О.В.	PhD (Казахстан)
Колева И.	докт. (Болгария)
Отар Э. С.	PhD (Казахстан)
Сейтказы П.Б.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Сунарчина М.М.	д.с.н., проф. (Россия)
Тамаш П.	проф. (Венгрия)
Толеубекова Р.К.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Уразбаева Г.Т.	д.п.н., доцент (Казахстан)
Хан Н.Н.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	д.с.н., проф. (Турция)
Шайхисламов Р.Б.	д.с.н., проф. (Россия)
Шалғынбаева К.К.	д.п.н., проф. (Казахстан)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2, каб. 402

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31432)

E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Ответственный секретарь: А. С. Жуматаева

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева.

Серия: ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ.

Собственник: Некоммерческое акционерное общество «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан.

Регистрационное свидетельство № 17001-Ж от 27.03.18 г. Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 13 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31410)

МАЗМҰНЫ

ПЕДАГОГИКА

<i>Абдыхалыкова Ж.Е., Сагитова Ж.М.</i> ҚР жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың практикалық бағдарланған дайындығының мәселелері және келешегі	8
<i>Аймульдина А., Кулахметова М.</i> Ағылшын сыныптарында критериалды бағалау технологиясын қолдану	17
<i>Акишева А.К.</i> Шағын жинақталған мектеп мұғаліміне оның кәсіби құзіреттілігін дамыту мүмкіндігі ретінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету	25
<i>Анесова А.Ж. Жуматаева Е.</i> Студенттерді оқытуда оқу құралының тиімділігі	35
<i>Бабич И.М., Шоманова Ж.К., Муканова Р.Ж.</i> Студенттердің химияны ағылшын тілінде оқуға кәсіби ынталандырудың негізгі ерекшеліктері	43
<i>Длимбетова Г.К., Булатбаева К.Н., Абеннова С.У., Сандибекова А.К.</i> Кәсіптік білім беруді экологияландыру жағдайында оқытудың дидактикалық принциптері	55
<i>Исмаилов Д.В., Хамитова К.К., Кожазулов Е.Т.</i> Оқушылардың танымдық қабілеттерін және дербестігін дамытуға ықпал ету мақсатында «мектеп қабырасынан бастап» зерттеушілік қызмет	67
<i>Казиев К.О., Волынкин В.И., Бисенова Ш.Н., Турегалиева В.С., Қантаева Ғ.Г.</i> Болашақ педагог-психологтардың рефлексиясын дамыту диагностикасы	75
<i>Қантаева Ғ.Г.</i> Педагогикалық құндылықтар дидактикалық мәдениеттің аксиологиялық компонентінің негізі ретінде	83
<i>Мардахаев А.В.</i> Әлеуметтік педагогикадағы зерттеушілік іс-әрекеттің теориялық әдіснамалық негіздері	91
<i>Навий А.Н., Ракишева Г.М., Анықбай А.Е. М.</i> Жұмабаев еңбектеріндегі педагогикалық идеялар	98
<i>Нурманбетова Д.Н.</i> Қазақстандағы жоғары оқу орындарының автономиясы және академиялық еркіндік: іске асыру мәселелері және даму жолдары	105
<i>Сарбасова В. Н.</i> Тұлғаның ұлттық өзіндік сана-сезімі тұлғалық-кәсіби білім ретінде	113
<i>Сарқанбаева Г.Қ.</i> Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік біліктілігін қалыптастырудың әдіс-тәсілдері	120
<i>Сарсекеева Ж.Е., Смаилова Д.Е.</i> Бастауыш мектепте медиа-білім беру мәселелерін шешуге қажетті жағдайлар жасау үшін педагогикалық іс-әрекет жүйесі	126
<i>Смағұлов Д.С.</i> Жабық түрдегі тест тапсырмаларын әзірлеу әдістемесі	133
<i>Ташкеева Г.К., Адилжан К., Зулъбухарова Э.М., Құдыш А.А.</i> «Қалыптастыру» ұғымының педагогикадағы мағынасын анықтау	141
<i>Тусупова Г.К., Щербиков А.А., Темирбекова А.Т., Кажигалиева А.Б., Ажигалиева А.И., Тажиева А.С.</i> Екінші тіл ретіндегі қазақ және орыс тілдерінің оқулықтарындағы сәйкестендіру нұсқалары	148
<i>Хамзина Ш.Ш., Хасенова М.Т., Касенова Ж.С.</i> Кейс-технологиясын қолдану кезіндегі экологиялық құзыреттілік арқылы химиялық сауаттылықты қалыптастыру	158

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Байжұманова Б.Ш.</i> Студент жастардың этникалық толеранттылық ерекшеліктері	164
<i>Кравцова Т.М., Раклова Е.М.</i> 5-11 жастағы балаларда кездесетін психологиялық жарақаттардың белгілері	171
<i>Мамбеталина А.С., Опабекова А.Б.</i> Аутистік спектріндегі балалармен жұмыс істейтін мамандардың субъективті бақылау деңгейінің ерекшеліктері	183

ӘЛЕУМЕТТАНУ

<i>Кендирбекова Ж.Х., Кусаинова А.Т.</i> Қазақстан Республикасында мүгедектерді оңалту тәжірибесі	189
<i>Родионова К.Н.</i> Қазақстан академиялық ортасындағы әйелдер қатыстылығы және гендерлік сегрегация	196

CONTENTS

PEDAGOGY

<i>Abdykhalykova Zh. E., Sagitova Zh. M.</i> Problems and prospects of practice-oriented training of future teachers in universities of the Republic of Kazakhstan	8
<i>Aimuldina A., Kulahmetova M.</i> Using criteria-based assessment technology in English classes	17
<i>Akischeva A.K.</i> Psychological and pedagogical support of a teacher of a small school as an opportunity to develop his professional competence	25
<i>Anessova A. Zh., Zhumatayeva E.</i> The effectiveness of the using of study guides in students learning	35
<i>Babich I.M., Shomanova Zh.K., Mukanova R.Zh.</i> The main features of professional motivation of students to study chemistry in English	43
<i>Dlimbetova G.K., Bulatbayeva K.N., Abenova S.U., Sandibekova A.K.</i> Didactic principles of training in the context of ecologization of vocational education	55
<i>Ismailov D.V., Khamitova K.K., Kozhagulov E.T.</i> Research activities starting from the "school wall" to promote the development of cognitive abilities and independence of students	67
<i>Kaziyev K., Volynkin V., Bissenova Sh.N., Turegalieva V.S.</i> Diagnostics of the development of reflection of future educational psychologists	75
<i>Kantayeva G.G.</i> Pedagogical values as the basis of the didactic culture's axiological component	83
<i>Mardakhaev L.V.</i> Theoretical and methodological foundations of research activities in social pedagogy	91
<i>Naviy L., Rakischeva G., Anikbay A.</i> Pedagogical ideas in M.Zhumabayev's works	98
<i>Nurmambetova D.N.</i> Autonomy of universities in Kazakhstan and academic freedom: Implementation problems and ways of development	105
<i>Sarbassova V.N.</i> National self-awareness of the individual as a personal and professional education	113
<i>Sarkanbaeva G.K.</i> Methods and techniques for forming the communicative competence of future teachers	120
<i>Sarsekeeva Zh. Y., Smailova D.Y.</i> The system of pedagogical activity to create the necessary conditions for solving the problems of media education in primary school	126
<i>Smagulov D.S.</i> Methods for developing closed test tasks	133
<i>Tashkeyeva G.K., Adilzhan K., Zulfukharova E.M., Kudysh A.A.</i> Identification of the essence of the concept of «formation» in the pedagogy	141
<i>Tussupova G.K., Chsherbakov A.A., Temirbekova A.T., Kazhigaliyeva A.B., Azhigaliyeva A.I., Tazhiyeva A.S.</i> Identity options in the textbooks of Russian and Kazakh as second languages	148
<i>Khamzina Sh.Sh., Khassenova M.T., Kassenova Zh.S.</i> The formation of chemical literacy through environmental competencies in the application of case technology	158

PSYCHOLOGY

<i>Baizhumanova B.Sh.</i> Features of ethnic tolerance of student youth	164
<i>Kravtsova T.M., Raklova E.M.</i> Symptoms of psychological trauma that occur in children aged 5-11 years	171
<i>Mambetalina A.S., Opabekova A.B.</i> Features of the level of subjective control of specialists working with children of the autistic spectrum	183

SOCIOLOGY

<i>Kendirbekova Zh.K., Kussainova A.T.</i> Experience of rehabilitation of disabled people in the Republic of Kazakhstan	189
<i>Rodionova K.N.</i> Female representation and gender segregation at the Academy of Kazakhstan	196

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕДАГОГИКА

<i>Абдыхалыкова Ж.Е., Сагитова Ж.М.</i> Проблемы и перспективы практико-ориентированной подготовки будущих педагогов в вузах РК	8
<i>Аймульдина А., Кулахметова М.</i> Использование технологии критериального оценивания на уроках английского языка	17
<i>Акишева А.К.</i> Психолого-педагогическая поддержка педагога малокомплектной школы как возможность развития его профессиональной компетентности	25
<i>Анесова А.Ж., Жуматаева Е.</i> Эффективность применения учебного пособия при обучении студентов	35
<i>Бабич И.М., Шоманова Ж.К., Муканова Р.Ж.</i> Основные особенности профессиональной мотивации студентов к изучению химии на английском языке	43
<i>Длиббетова Г.К., Булатбаева К.Н., Абенова С.У., Сандибекова А.К.</i> Дидактические принципы обучения в условиях экологизации профессионального образования	55
<i>Исмаилов Д.В., Хамитова К.К., Кожазулов Е.Т.</i> Исследовательская деятельность «со школьной скамьи» как содействие развитию познавательных способностей и самостоятельности учащихся	67
<i>Казиев К.О., Вольнкин В.И., Бисенова Ш.Н., Турегалиева В.С.</i> Диагностика развития рефлексии будущих педагогов-психологов	75
<i>Кантаева Г.Г.</i> Педагогические ценности как основа аксиологического компонента дидактической культуры	83
<i>Мардахаев Л.В.</i> Теоретико-методологические основы исследовательской деятельности в социальной педагогике	91
<i>Навий Л.Н., Ракишева Г.М, Аныкбай А.Е.</i> Педагогические идеи в творчестве М.Жумабаева	98
<i>Нурманбетова Д.Н.</i> Автономность вузов Казахстана и академическая свобода: проблемы реализации и пути развития	105
<i>Сарбасова В.Н.</i> Национальное самосознание личности как профессионально – личностное образование	113
<i>Сарканбаева Г.К.</i> Методы и приемы формирования коммуникативной компетентности будущих учителей	120
<i>Сарсекеева Ж.Е., Смаилова Д.Е.</i> Система педагогической деятельности по созданию необходимых условий для решения задач медиаобразования в начальной школе	126
<i>Смагулов Д.С.</i> Методы разработки закрытых тестовых заданий	133
<i>Ташкеева Г.К., Адилжан К., Зульбухарова Э.М., Кудыш А.А.</i> Выявление сущности понятия «формирование» в педагогике	141
<i>Тусупова Г.К., Щербаков А.А., Темирбекова А.Т., Кажигалиева А.Б., Ажигалиева А.И., Тажиева А.С.</i> Варианты идентичности в учебниках русского и казахского языков как второго языка	148
<i>Хамзина Ш.Ш., Хасенова М.Т., Касенова Ж.С.</i> Формирование химической грамотности через экологические компетенции при применении кейс-технологии	158

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Байжуманова Б.Ш.</i> Особенности этнической толерантности студенческой молодежи	164
<i>Кравцова Т.М., Раклова Е.М.</i> Симптомы психологических травм у детей 5 – 11 лет	171
<i>Мамбеталина А.С., Опабекова А.Б.</i> Особенности уровня субъективного контроля у специалистов, работающих с детьми с расстройством аутистического спектра	183

СОЦИОЛОГИЯ

<i>Кендирбекова Ж.Х., Кусаинова А.Т.</i> Опыт реабилитации инвалидов в Республике Казахстан	189
<i>Родионова К.Н.</i> Женская представленность и гендерная сегрегация в академической среде Казахстана	196

Д.С. Смағұлов

«Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: dauren2985@mail.ru)

Жабық түрдегі тест тапсырмаларын әзірлеу әдістемесі

Аңдатпа. Мақалада еліміздегі бағалау жүйесіндегі тестілеу жүйесінің қолданылуы, оның ішінде, жабық түрдегі тест тапсырмаларының түрлерін қолдану өзектілігі туралы сөз қозғалады. Автор ұсынылған бес жауаптан бір дұрыс жауапты анықтауға арналған және ұсынылған сегіз жауаптан бір немесе бірнеше дұрыс жауапты анықтауға арналған тест тапсырмаларының түрлері мен оларды әзірлеу әдістемесіне, ерекшеліктеріне тоқталады. Аталған тапсырма түрлерінің кемшіліктері мен артықшылықтарын саралайды. Сонымен қатар, жалпы орта білім беру пәндері ішінен география пәні мысалында жабық түрдегі тест тапсырмаларына талдау жасайды. Бірінші кезекте ұсынылған бес жауаптан бір дұрыс жауапты анықтауға арналған, екінші кезекте ұсынылған сегіз жауаптан бір немесе бірнеше дұрыс жауапты анықтауға арналған тест тапсырмаларын орындау кезінде тестіленушілердің орындайтын ой операцияларын сипаттайды. Осылайша, автор мақалада ұлттық білім сапасын бағалау жүйесіндегі жабық түрдегі тест тапсырмаларының рөлін тапсырмаларды әзірлеуден бастап тәжірибе түрінде талдай отырып ашады.

Түйін сөздер: бағдарлама, тестілеу, тест жүйесі, тест тапсырмасы, тестіленуші, тапсырма түрлері, бағалау жүйесі, ҰБТ, ОЖСБ, дистрактор, тапсырма әзірлеу, жабық тест тапсырмасы, В. С. Аванесов, география.

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2020-132-3-133-140>

Түсті: 27.03.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 2.04.20

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Білім беру сапасын бақылаудан оны қамтамасыз етуге көшу мақсатында білім беру ұйымдарының сапасын бағалау және әдістемелік қолдау жүйесінің тетіктері жетілдіріледі» - деп көрсетілген [1]. Осыған орай, білім беру сапасын бағалауды жетілдірудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру қазіргі кездегі еліміздегі білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осындай әдістердің бірі – тестілеу әдістерін қолдану арқылы тестіленушілердің білім деңгейін бақылау болып табылады. Ал тестілеу бірінші кезекте тест тапсырмаларын әзірлеу әдістемесінен бастау алады. Осы орайда қолға алынып отырған мақалада тестілеу жүйесінде жиі қолданылатын жабық түрде-

гі тест тапсырмаларын әзірлеу әдістемесімен сіздерді таныстырып өтпекпіз.

Тестіленушілердің білімін бағалау жүйесін жетілдіруде тест тапсырмаларын құрастыруға қойылатын талаптардың қажетті дәрежеде сақталуы аса маңызды рөл атқарады.

Жоғары сапалы тест тапсырмаларын құрастыру үшін тест тапсырмаларының түрлері мен оларды құрастыруға арналған әдістемелік талаптар туралы жан-жақты білім қажет.

Тест – тестіленушінің белгілі оқу пәні бойынша білім, білік және дағдысын дұрыс анықтауға мүмкіндік беретін, қиындық деңгейлеріне сарапталып бөлінген белгілі бір мазмұны мен формасы бар тест тапсырмаларының жүйесі. Педагогикалық құрал ретінде қолданылатын тест төмендегідей талаптарға жауап беруі керек:

- мақсаты;
- нақтылығы;
- технологиялылығы;
- логикалық формасы;
- жауаптар үшін орындардың нақтылығы;
- жауаптарды бағалау ережелерінің бірдей болуы;
- барлық сыналушыларға нұсқаудың бірдей болуы;
- тапсырма элементтерінің орналасуының дұрыстығы;
- тапсырманың формасы мен мазмұнының орынды болуы [2, 21-б.].

Тест тапсырмалары білімді бағалау кезінде, білімдерін бекіту, әрі дамыту кездерінде қолданылуы мүмкін. Тест тапсырмалары тестіленушілердің әртүрлі пәндерден алған білімдерін тексеру мақсатында ғана қолданылмай, олардың өз беттерімен білім қорларын тереңдетуге, пәнге деген қызығушылығын арттыруға және алған білімдерін күнделікті тәжірибеде қолдануын тексеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тест тапсырмалары өзіндік оқу жұмысын ұйымдастыруда, білім мекемелерінің бітірушілерін қорытынды аттестаттауда, жоғары оқу орындарына қабылдау емтихандары мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға үміткерлерді саралауда, белгілі бір жұмыс орындарында мамандардың біліктілігін анықтауда және т. б. таптырмас құнды құрал болып табылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім алушыларды сапалы біліммен қамтамасыз ету арқылы бәсекеге қабілетті маман дайындау көзделіп отыр [1]. Сапалы білім алу нәтижесінде маман өз саласы бойынша жан-жақты, білімді, білгір, қандай да бір сұрақтар төңірегінде нақты түрде шешім шығара алатын болуы, сонымен қатар, алған білімдерін өмірлік мәселерді шешуде қолдана алуы қажет.

Бақылау арқылы білім алушылардың біліміндегі олқылықтарын уақытында анықтау, түзету, жетістіктерін жетілдіре дамыту – білім беру сапасын арттыруда маңы-

зды орын алады. Сондықтан білім мазмұнының толық, әрі сапалы игерілуін анықтау үшін білім сапасы компоненттерінің білім беру үрдісінің әр кезеңіндегі қалыптасуын бағалауды уақытылы және жедел жүргізу қажет етіледі. Осы мақсатта тестіленушілердің білімді меңгеруін, іскерліктерін бақылау және бағалау үшін тест тапсырмаларының жиынтығы қолданылады. Тест тапсырмаларының көмегімен оқушылардың білім деңгейін анықтай отырып, берілген тақырыпты қандай дәрежеде игергендігін көре аламыз.

Сонымен қатар, тестіленушілердің білім жетістігінің бастапқы нәтижелері мен соңғы нәтижелерін салыстырып, білім, іскерліктің нақты деңгейін анықтап, оқудың нәтижелерін талдап, тестіленушілердің жетістігі жайлы қорытынды жасаймыз.

Нәтижесінде тестіленушілердің жетістіктері мен кемшіліктері анықталып, кемшіліктердің алдын алу, себептерін жою жұмыстары жүргізіледі. Тестіленушілердің меңгеруге тиісті білім мазмұнына сай келетін көрсеткіштерге қол жеткізу мүмкіндігі, онда кездесуі мүмкін қиындықтары сараланады.


Педагогика ғылымдарының докторы, профессор В. С. Аванесов өз еңбектерінде тестілеу арқылы тексеруге болатын білім мазмұнының тізімін ұсынады:

- 1 – атаулар;
- 2 – атаулардың мағынасы;
- 3 – фактілік білімдер;
- 4 – анықтамалар;
- 5 – салыстырмалы және сәйкестендіру білімдері;
- 6 – жүйелеу және жіктеу білімдері;
- 7 – қарама-қайшылықтар, синоним мен антоним объектілер;
- 8 – ассоциативті білім;
- 9 – себеп-салдарлы және бір-бірімен байланысты, білім негіздері мен жүйелеудің түрлері;
- 10 – алгоритмдік, іс-әрекеттік білім;
- 11 – технологиялық, яғни әдістемелік білім;
- 12 – жүйеленген, жалпыланған білім;
- 13 – бағалаушы білім;
- 14 – болжамды білім;
- 15 – үдерістік білім;

16 – абстрактілік білім;

17 – құрылымдық білім [3, 21 б.].

Тестологияда тестіленушілердің білім деңгейін ағымдық және қорытынды бақылаумен қатар, мектеп бітіру және жоғары оқу орындарына қабылдау емтихандарында қолданылатын тест тапсырмаларының бірнеше түрлері кездеседі. Тест тапсырмаларының түрлері 1-суретте көрсетілген.



1-сурет – Тест тапсырмаларының түрлері

Жоғарыда айтып өткеніміздей, мақалада жабық түрдегі тест тапсырмалары және оның түрлері туралы сөз қозғалады.

Жабық түрдегі тест тапсырмалары соңғы уақытта тестілеу жүйесіндегі бақылау үрдісінің стандартталуы мен автоматтандырылуына қолайлы болғандықтан көп қолданысқа ие бола бастады. Әсіресе, тестіленушілердің бағдарын компьютерлік технология арқылы есептеу үшін өте қолайлы. Бұл аталған тест тапсырмасы түрінің басқа тест тапсырмаларының түрлеріне қарағанда негізгі бөлік (тапсырма шарты) пен дайын жауаптардан тұруына байланысты. Ол оқу материалының мазмұнымен, оқыту мен бақылаудың мақсатымен айқындалады. Дұрыс емес жауаптар (олар мүмкіндігінше дұрыс жауапқа ұқсас, балама, алаңдатушы болуы керек) тест тапсырмасын құрастыру теориясында дистракторлар деп аталады. Олар тестіленушіні өзіне тарта отырып жұмыс істеуі керек. Жұмыс істемейтін дистракторлар ауыстырылуы қажет.

Тест тапсырмасына жоғары білімі бар тестіленушілер дұрыс жауап беріп, ал білімі төмен тестіленушілер керісінше дұрыс жауап бере алмаса, онда тест тапсырмасы оңтайлы болып табылады.

Ендігі кезекте жабық түрдегі тест тапсырмаларына қойылатын негізгі талаптарға тоқталып өтейік. Тапсырманы дұрыс әзірлеу үшін төмендегі талаптарды орындау ұсынылады:

- тапсырма мәтіні құрылымында екіойлылық пен түсініксіздіктің болмауы;
- тапсырманың негізгі бөлігі қысқа құрылымды болуы (7+2 сөз);

- тапсырманың негізгі бөлігінде бір бағыныңқы сөйлемнен артық сөйлемдер болмауы;
- жауаптар тапсырманың негізгі бөлігінен (мүмкіндігінше) қысқа болуы;
- тапсырманың барлық жауаптарының көлемі мөлшермен бірдей ұзындықта болуы;
- тапсырма мәтінінде дұрыс жауапты болжаммен анықтауға мүмкіндік беретін вербальді байланыстар болмауы;
- түрлі тапсырмалардағы дұрыс жауаптарға арналған орын мөлшермен бірыңғай немесе кездейсоқ жағдайда таңдалатындай болуы;
- бір-бірінен туындап отыратын жауаптар дұрыс емес жауаптар (дистрактор) қатарынан алынып тасталуы;
- әр тапсырмаға арналған барлық дистракторлар дұрыс жауапты білмейтін сыналушылар үшін тең мүмкіндікте тартымды болуы;
- бірде-бір дистрактор белгілі-бір қосымша күш салған кезде, дұрыс жауапқа айналып кететіндей, ішінара дұрыс жауап болып табылмауы;
- бір тапсырманың жауабы тесттегі келесі тапсырмалардың жауаптарына кілт болмауы;

• барлық жауаптар құрылымы бойынша қатар және тапсырманың негізгі бөлігімен грамматикалық қиыстырылған болуы керек [4, 48 б.].

Дұрыс жауапты болжаммен анықтауға мүмкіндік беретін «жоғарыдағылардың ешқайсысы», «жоғарыдағылардың барлығы», «барлық жауап дұрыс», «барлық жауап дұрыс емес» және т. б. сөйлемдерді дистракторлар ретінде қолдануға тыйым салынады [4, 48 б.].

Сонымен, жабық түрдегі тест тапсырмаларына ұсынылған жауаптардың ішінен дұрыс жауапты (жауаптарды) анықтауға арналған тапсырмалар жатады. Ал бұл формадағы тапсырманы орындау үшін тест тәжірибушілерге түсінікті болуы мақсатында қысқаша нұсқаулықтан басталады.

Жабық түрдегі тест тапсырмаларының бірнеше түрлерін атап айтуға болады:

1) ұсынылған бірнеше жауаптардан бір дұрыс жауапты анықтауға арналған тест тапсырмалары;

2) ұсынылған бірнеше жауаптардан бір немесе бірнеше дұрыс жауапты анықтауға арналған тест тапсырмалары.

Ұсынылған бірнеше жауаптардан бір дұрыс жауапты анықтауға арналған жабық түрдегі тест тапсырмаларында ұсынылған жауаптардың ішінде бір ғана дұрыс жауап болады.

Мұндай формадағы тест тапсырмалары тест тәжірибесінде көптеп қолданылады. Оның бірнеше себептері бар: 1) тапсырманы орындаудың салыстырмалы түрде жеңілдігі; 2) дәстүрлілігі; 3) білімді бақылауда жылдам бағалануы, әрі автоматтандырылуына ыңғайлылығы. Сол сияқты жабық түрдегі тест тапсырмасының аталған түрінің кемшін тұстары да бар екенін жоққа шығармауымыз керек. Мәселен, қазіргі уақыттағы тәжірибеде ұсынылған 4 немесе 5 жауаптан бір ғана дұрыс жауапты анықтауға арналған тест тапсырмалары жиі қолданылатынын байқауға болады. Ал ол тапсырмаларды орындау барысында ұсынылған 4 жауаптан бір ғана дұрыс жауапты табу мүмкіндігі 25%-ды, ал ұсынылған 5 жауаптан – 20%-ды құрайды. Шын мәнінде дұрыс жауапты болжаммен табу мүмкін-

дігінің жоғары болуы – бір дұрыс жауапты жабық түрдегі тест тапсырмасының басты кемшілігі болып табылады.

Дегенмен, жақсы құрастырылған тапсырмаларда дұрыс емес жауаптар дұрыс жауапқа қарағанда тартымды болуы мүмкін. Сондықтан да дайындығы төмен тәжірибушілер қиналған жағдайда дұрыс жауапты болжаммен белгілей салмайды, дұрыс жауапқа жақын, тартымды жауапты белгілейді. Жақсы таңдалған дұрыс емес жауаптар (дистракторлар) дұрыс жауапты болжаммен анықтау мүмкіндігін төмендетеді. Осылайша, құрастырушы дайындығы төмен тәжірибушінің дұрыс жауапты болжаммен табу мүмкіндігін шектейді. Мысал ретінде бірнеше тапсырмаларды келтіруге болады:

1. Жем өзенінің бойымен саяхаттай отырып көруге болатын облыстар:

A) Атырау және Маңғыстау

B) Ақтөбе және Атырау

C) Қостанай және Ақтөбе

D) Ақтөбе және Қызылорда

E) Батыс Қазақстан және Атырау

Тапсырма Қазақстан территориясының физикалық және экономикалық аудандастырылуы туралы білімді салыстыра отырып, еліміздің ішкі сулары (әсіресе, өзендері) жайлы білімді және картографиялық кеңістікте бағдарды дұрыс анықтай алуды бағалауға арналған. Жем өзені Ақтөбе облысының территориясында орналасқан Мұғалжар тауларының солтүстік-батыс бөлігінен бастау алады да, оңтүстік-батыс бағытта Каспий теңізіне қарай ағады. Өзеннің сағасы Каспий теңізінің солтүстігінде орналасқан. Ал бұл аймақ Атырау облысының территориясы болып табылады. Жауаптарда берілген Маңғыстау облысы – Атырау және Ақтөбе облыстарының оңтүстігінде орналасқан; Қостанай облысы – Қазақстанның солтүстігінде орналасқан, ал Жем өзені еліміздің батыс бөлігінде жатыр; Қызылорда облысы – Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданына жатады; Батыс Қазақстан облысы – еліміздің батысында орналасқанымен, Каспий теңізімен шектеспейді. Берілген жауаптардың ішінде дұрыс жауапқа сәйкес келетіні «B» жауабы. Яғни, егер сая-

хатшы Жем өзені бойымен саяхатқа шықса, Ақтөбе мен Атырау облыстарының территориясында бола алады.

2. АҚШ-тың басты ғарыш айлағы орналасқан түбек белгіленген сан:



- A) I
- B) II
- C) III
- D) IV
- E) V

Тапсырманы орындау барысында тестіленушілер берілген суретпен жұмыс жасай отырып, оны талдайды. Бірінші кезекте суретте берілген материктің Солтүстік Америка екендігін анықтайды және белгіленген географиялық нысандардың атауы мен орналасқан жерлерін ажыратады. Одан кейін нысандардың ішінен АҚШ-тың территориясына енетіндерін ажыратады. II, III, V – Лабрадор түбегі, Гренландия аралы, Калифорния түбегі АҚШ құрамына енбейді. Демек, бұл жауаптар дұрыс жауап болуы мүмкін деген тізімнен шығарылады. Екіншіден, тестіленуші қалған I (Флорида түбегі) және IV (Аляска түбегі) нысандардың АҚШ-қа жататындығын анықтай отырып, осы екі жауапқа тереңірек талдау жасайды. Ол үшін тестіленуші 11-сыныпта өткен «АҚШ-тың экономикалық-географиялық аудандары» тақырыбындағы әр экономикалық – географиялық аудандарда тараған шаруашылық түрлерін еске түсіреді. Яғни, Флорида түбегінің шығысындағы Канавал мүйісінде АҚШ-тың Джон Кеннеди атындағы басты ғарыш айлағы орналасқандығын анықтайды. Жауаптардың ішіндегі А нұсқасы дұрыс жауап болады.

Берілген тапсырмалар орташа қиындық деңгейіндегі тапсырмалар. Тапсырмалардағы

ұсынылған дұрыс емес жауаптардың оңтайлы таңдап алынғандығын байқауға болады. Себебі тапсырмаларды орындау үшін тестіленуші барлық жауаптарды талдауы тиіс болып тұр. Ол үшін тестіленушілерге географиялық, оның ішінде, картографиялық және геосаяси сауаттылық қажет. Берілген тапсырмалардың да бағалау нысандары осы болып табылады.

Келесі кезекте бір немесе бірнеше дұрыс жауапты анықтауға арналған жабық түрдегі тест тапсырмаларына тоқталып өтейік. Аталған тест тапсырмаларында дұрыс жауаптар саны бір немесе бірнеше болуы мүмкін. Мұндай формадағы тест тапсырмасын орындау барысында тестіленуші тек бір дұрыс жауапты таңдап қана қоймайды, тапсырмада тағы да дұрыс жауаптар бар болуы мүмкін деген оймен одан әрі іздене түседі. Тапсырмада берілген барлық жауаптарға мән бере отырып, оларды салыстырады, зерттейді, тереңірек ойланады. Бұл жерде ұсынылған жауаптардың ішінен бір ғана дұрыс жауапты анықтауға арналған жабық түрдегі тест тапсырмасына қарағанда дұрыс жауапты болжаммен табу мүмкіндігі төмендейді.

Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тест тапсырмаларын орындау қиын, бірақ олар ұсынылған бес жауаптан бір дұрыс жауапты анықтауға арналған тапсырмаларға қарағанда, білімнің тереңдігін, нақтылығын, толықтығын бағалауға мүмкіндік береді. Тест тапсырмаларының мұндай формасын пайдалана отырып, оқу әрекетінде логикалық ойлау, есте сақтау, қиялдау қабілеттерін жетілдіруге болады – ал бұл білім берудің басты мақсатына лайықты адам бойындағы тұлғалық қасиеттер болып табылады. Аталған себептерге байланысты жабық түрдегі тест тапсырмаларының ішінде бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тест тапсырмалары Қазақстан Республикасының орта білім беру саласында 2016 жылы Оқу жетістіктерін сырттай бағалау, ал 2017 жылдан бастап Ұлттық бірыңғай тестілеу аясында кеңінен қолданысқа енгізіле бастады. Бұл өз кезегінде еліміздегі білім беру саласының бағалау жүйесіндегі маңызды қадамдардың бірі болып саналады. Сөзімізді нақтылау үшін ұсынылған сегіз жауаптан бір немесе бірне-

ше дұрыс жауапты анықтауға арналған жабық түрдегі бірнеше тест тапсырмаларының орындалу жолдарына талдау жасап өтейік:

1. Атлант мұхитының жылы ағыс(-тар)ы:

- A) Лабрадор
- B) Бенгель
- C) Солтүстік Атлант
- D) Канар
- E) Гольфстрим
- F) Батыс Желдер
- G) Бразилия
- H) Калифорния

Тапсырманың дұрыс жауаптарын анықтау үшін тестіленуші мұхит ағыстары мен оның түрлерін білуі керек. Мұхит немесе теңіз ағыстары жылы және суық ағыстар болып екіге бөлінеді. Ағыстарды тудыратын басты себеп – тұрақты желдер болып табылады. Тестіленуші берілген тапсырмадағы Атлант мұхитындағы жылы және суық ағыстарды ажырата алуы тиіс. Ол үшін тестіленуші берілген жауаптардың әрқайсысын талдайды.

Лабрадор ағысы – Канада мен Гренландия жағалаулары аралығымен Баффин теңізінен Ньюфаундленд қайраңына дейін оңтүстік бағытта соғатын Атлант мұхитындағы суық ағыс.

Бенгель ағысы – Оңтүстік Пассат пен Бразилия, Батыс Желдер ағыстарына жақын орналасқан антарктикалық суық ағыс. Қайырымды Үміт мүйісінің оңтүстігінде пайда болады да, солтүстікке қарай бағыт алады. Африкадағы Намиб аймағына дейін жетеді.

Канар ағысы – оңтүстік және оңтүстік-батыс бағытта Африканың солтүстік-батыс жағалауымен, Канар аралдарының жанынан өтетін Атлант мұхитының суық ағысы.

Батыс Желдер ағысы – оңтүстік жарты шардың қоңыржай белдеуіндегі ашық су айдыны арқылы шеңбер жасап ағатын ағыс. Бұл ағыс дүниежүзілік мұхиттағы ең қуатты суық ағыс болып табылады.

Калифорния ағысы – Тынық мұхитының солтүстік бөлігіндегі беткі суық ағыс. Калифорния жағалауымен солтүстіктен оңтүстік-батысқа қарай жылжиды.

Гольфстрим ағысы – Атлант мұхитындағы жылы ағыс. Ағыс Солтүстік Американың шығыс жағалауын бойлай, 40° с.е. дейін же-

теді. Одан әрі су массаларының негізгі тармағы қоңыржай ендіктегі тұрақты соғатын батыс желдері әсерінен Солтүстік Атлант ағысына айналады. Бұл ағыс Скандинавия түбегін айналып өтіп, қоңыржай және полярлық ендіктердегі судың беткі температурасын жоғарылатады. Сондықтан бұл аудандарда қыс салыстырмалы түрде жылы, ылғалды болады.

Бразилия ағысы – Оңтүстік Америка жағалауымен оңтүстік-батыс бағытта ағатын Атлант мұхитындағы жылы ағыс. Оңтүстік Пассат ағысының бір саласы.

Жоғарыда көрсетілгендей тапсырманы орындау үшін тестіленуші Атлант мұхитындағы ағыстарды және олардың таралу аймақтарын, қасиеттерін білуі шарт. Талдау бойынша Лабрадор, Бенгель, Канар, Батыс Желдер және Калифорния ағыстары суық ағыстар қатарына жататындығы анықталып отыр. Ал Гольфстрим, Солтүстік Атлант және Бразилия ағыстары Атлант мұхитының жылы ағыстарына жатады. Сондықтан тапсырмадағы C, E, G жауаптары дұрыс жауап болады.

2. Париж қаласында штаб-пәтері орналасқан ұйым(-дар):

- A) ЕО
- B) ЮНЕСКО
- C) БҰҰ
- D) НАТО
- E) ОПЕК
- F) ФАО
- G) ЕҚЫҰ
- H) АСЕАН

Париж қаласында штаб-пәтері орналасқан ұйымды немесе ұйымдарды табу үшін ұсынған сегіз жауаптың барлығын да талдау қажет болады. Ол үшін берілген ұйымдар мен штаб-пәтерлері орналасқан қалаларды білуі керек (1-кесте).

Кестедегі мәліметтерді қарай отырып, берілген тапсырмада бір ғана дұрыс жауап бар екендігі анықталады. Яғни, Париж қаласында штаб-пәтері орналасқан ұйым – ЮНЕСКО екендігі белгілі болады.

Осылайша, тест тапсырмаларының түрлі формаларының ішінде жабық түрдегі тест тапсырмаларының, оның ішінде, бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тест тапсырмаларының ХХІ ғасырдағы білім беру саласын бағалау

1-кесте – Халықаралық ұйымдар мен штаб-пәтерлері орналасқан қалалар

ҰЙЫМ АТАУЫ	ШТАБ-ПӘТЕРІ ОРНАЛАСҚАН ҚАЛА
ЕО (Еуропалық Одақ)	Брюссель
ЮНЕСКО (БҰҰ-ның білім беру, және мәдениет жөніндегі арнайы ұйымы)	Париж
БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы)	Нью-Йорк
НАТО (Солтүстік Атланттық келісім ұйымы)	Брюссель
ОПЕК (Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы)	Вена
ФАО (БҰҰ-ның азық-түлік және ауыл шаруашылығы жөніндегі арнайы ұйым)	Рим
ЕҚЫҰ (Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы)	Вена
АСЕАН (Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ассоциациясы)	Джакарта

жүйесінде өте тиімді екендігіне көз жеткізе аламыз. Аталған формадағы тест тапсырмаларын кеңінен қолдану және оларды арнайы талаптарды сақтай отырып әзірлеу білім беру саласындағы бағалау жүйесінде көптеген мүмкіндіктерге жол ашады. Яғни, тестіле-

нушілердің білімін нақты, тияқты және ашық түрде бағалауға қол жеткізе аламыз. Осындай себептерге байланысты біздің еліміздің орта білім беру саласында бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тест тапсырмаларын қолдану аясы кеңейе түсуде.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (Қаралған күні: 20.03.2020).
2. Клайн П. Справочное руководство по конструированию тестов. – Киев, 1994. – 288 с.
3. Аванесов В. С. Композиция тестовых заданий. Учебная книга. 3 изд. доп. – М.: Центр тестирования, 2002. – 240 с.
4. Гулидов И. Н. Педагогический контроль и его обеспечение: учебное пособие. – М.: ФОРУМ, 2005. – 240 с.

References

1. Kazakstan Respublikasynda bilim berudi zhane gylymды damytudyn 2020-2025 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасы [State program for the development of education and science of the Republic of Kazakhstan for 2020 – 2025]. Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (Accessed: 20.03.2020).
2. Kline P. Spravochnoe rukovodstvo po konstruirovaniyu testov [Reference guide to test design] (Kiev, 1994, 288 p.).
3. Avanesov V. S. Kompoziciya testovyh zadaniy [Composition of test tasks]. Instructional book (FORUM, Moscow, 2002, 240 p.).
4. Gulidov I. N. Pedagogicheskij kontrol' i ego obespechenie [Pedagogical control and its provision]. Tutorial (FORUM, Moscow, 2005, 240 p.).

Д.С. Смагулов

*РГКП «Национальный центр тестирования», Министерство образования и науки
Республики Казахстан, Нур-Султан, Казахстан*

Методы разработки закрытых тестовых заданий

Аннотация. В статье описывается использование системы тестирования в системе оценки Казахстана, в то же время обоснована актуальность применения разных видов тестовых заданий закрытого типа. Автор останавливается на типах тестовых заданий и методике их разработки, особенностях тестовых заданий, предполагающих определение одного правильного ответа из пяти предложенных ответов и одного или нескольких правильных ответов из восьми предложенных. Анализируются преимущества и недостатки этих типов задач. Кроме того, на примере географии анализируются закрытые тестовые задания по предметам общего среднего образования. В статье рассказывается о мыслительных операциях тестируемых при выполнении тестовых заданий с определением одного правильного ответа из пяти предложенных ответов и одного или нескольких правильных ответов из восьми предложенных. Таким образом, автор в статье раскрывает роль закрытых тестовых заданий в национальной системе оценки качества образования, анализируя их в форме экспериментов и начиная с разработки заданий.

Ключевые слова: программа, тестирование, система теста, тестовое задание, тестируемый, виды заданий, система оценивания, ЕНТ, ВОУД, дистрактор, разработка заданий, закрытое тестовое задание, В. С. Аванесов, география.

D. S. Smagulov

*Republican state treasury enterprise «National Testing Center»,
Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, Kazakhstan*

Methods for developing closed test tasks

Abstract. The article describes testing system in the assessment system of Kazakhstan, including the relevance of applying types of closed-ended test tasks. The author focuses on the types of tests and methods of their development, the features of the test tasks for determining one correct answer out of five proposed answers and for determining one or more correct answers out of eight proposed ones. Analyzes the advantages and disadvantages of these types of tasks. In addition, author considers closed test tasks on the example of geography. The article describes the mental operations of students when they are performing test tasks to determine one correct answer out of five proposed answers and to determine one or more correct answers out of eight proposed ones. Thus, the author reveals the role of closed-ended test tasks in the national system of assessment in education, analyzing them in the form of experiments, starting with the creation of the tests.

Keywords: program, testing, test system, test task, testable, types of tasks, assessment system, unified national test, external evaluation of academic achievements, distractor, designing a task, closed-ended test task, V. S. Avanesov, geography.

Автор жайлы мәлімет:

Смагулов Д.С. – Жоғары оқу орындарына түсу емтихандарына арналған тест тапсырмаларын қалыптастыру ғылыми-әдістемелік зертханасының меңгерушісі, «Ұлттық орталығы» РМҚК, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Smagulov D.S. – Head of the scientific and methodological laboratory for the formation of test tasks for entrance examinations in higher educational institutions, republican state treasury enterprise «National Testing Center», Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.